

Құрметті жерлестер!

Сіздерді республикамыздың әр азаматы үшін айтулы мереке – Республика күнімен құттықтаймыз!

Еліміз тәуелсіздік алғалы қазанның 25-і күні Республика күні ретінде тойланып келді. Алайда бұл күн мемлекеттік мерекелер тізімінен 2009 жылы алынып тасталды. 14 жыл бойы аталмай келген Республика күні былтырдан бастап ұлттық мереке ретінде күнтізбеге қайта енгізілді. Еліміз үшін 25 қазан күні – аса маңызды даталардың бірі. Себебі, 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды.

Бұл күн Қазақстан халқы үшін жаңа бағыт пен бетбұрыс әкелген тарихи мәні зор, сан жылғы арманға қол жеткізген күн болып есептеледі.

Құрметті нұралықтар!

Баршаңызды Республика күнімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға ырыс-ынтымақ, құт-береке, еңбектеріңізге мол жеміс тілейміз!

Тәуелсіз мемлекетіміздің басты мейрамы – Республика күні құтты болсын!

Б.Мұқанов
Нұра ауданының әкімі
Қ.Жүнісбеков
Аудандық мәслихат
төрағасы

Уважаемые земляки!

Поздравляем вас с главным национальным праздником нашей страны – Днем Республики!

Этот праздник – грандиозное событие в жизни всего многонационального Казахстана. Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев подписал закон, согласно которому 25 октября вновь получает статус национального праздника – Дня Республики.

Вернуть празднование Дня Республики Касым-Жомарт Токаев предложил на национальном курлтае в июне-месяце 2022 года.

Глава государства подчеркнул, что ежегодно 25 октября граждане Казахстана должны отмечать День суверенитета как главный праздник нашего государства.

Казахстанцами пройден сложный путь и проделана серьезная работа, но в условиях новых глобальных вызовов нам предстоит сделать еще многое.

Уважаемые нуринцы!

Уверены, что ваш вклад в развитие и процветание нашей страны будет только расти.

От всей души поздравляем вас с этим праздником! Желаем мира и согласия вашим семьям, крепкого здоровья, счастья и благополучия! Успехов и процветания нашему общему дому – Республике Казахстан!

Б. Муканов
аким Нуринского района
К. Жунусбеков
председатель
районного маслихата

С рабочим визитом

Агропромышленный комплекс

Министр сельского хозяйства Айдарбек Сапаров встретился с фермерами Карагандинской области.

В Карагандинской области в этом году посевная площадь составила 1,2 млн. га. В том числе 1 млн. га зерновых и зернобобовых культур. По оперативным данным на 16 октября, аграрии убрали 721,7 тыс. га зерновых, или около 73% от общей площади. При средней урожайности 6,5 ц/га намолочено 466,5 тыс. тонн зерна.

Глава МСХ ответил на актуальные вопросы аграриев, рассказал о мерах поддержки, посетил несколько агрокомпаний региона. В разговоре с фермерами он отметил, что правительство приняло необходимые меры, чтобы минимизировать последствия неблагоприятных условий погоды, повлиявших на качество урожая.

продолжение на стр. 2



Здравоохранение

Реализация Национального проекта



Объекты здравоохранения Нуринского района посетила рабочая комиссия Карагандинского областного маслихата под руководством председателя областного маслихата Н.С. Кобжанова. Основной целью поездки являлись вопросы хода реализации Национального проекта «Качественное и доступное здравоохранение для каждого гражданина «Здоровая нация».

Согласно информации Карагандинского областного маслихата в рамках подготовки к очередной сессии, из числа депутатов созданы временные рабочие комиссии и группы. В списке запланированных посещений более 50 организаций здравоохранения области, в т.ч. и в Нуринском районе.

продолжение на стр. 2

Отбасы - ұттың ұясы

Тәрбие тал бесіктен басталады



25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

25 қазан - Республика күні қарсаңында Нұра кентінде заман талабына сай ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре отырып, отбасында баланы тәрбиелеу тұрғысында "Отбасы - ұттың ұясы" тақырыбында ата-аналармен кездесу өтті.

жалғасы 5-бетте



Здравоохранение

Реализация Национального проекта

продолжение, начало на стр. 1

В ходе посещения медицинских объектов народные избранники получают сведения по актуальным вопросам, к примеру, насколько оснащены организации специализированными кабинетами с оборудованием для реабилитационных, лечебных, профилактических мероприятий, обеспечены ли медучреждения в полной мере лекарственными средствами. На местах изучают вопрос, на что еще необходимо обратить внимание для улучшения качества предоставления услуг в сфере здравоохранения.

О ходе реализации Национального проекта в Нуринском районе участников рабочей комиссии ознакомил директор районной больницы У. Мазитов.

В своем докладе он подробно проинформировал об исполнении основных показателей Национального проекта, финансировании медицинских услуг за 2021-2022 годы, материально-техническом обеспечении медицинских учреждений, их



оснащенности, лекарственном обеспечении, работе социальных аптек - при РБ с. Нура и передвижной, оказании скорой медицинской помощи, доступности объектов для маломобильных групп населения, оказании медицинских услуг в стационарах, госпитализации и питании пациентов. Кроме того, У. Мазитов рассказал о проблемных вопросах, в т.ч. о дефиците кадров, о работе, проводимой по анализу жалоб и предложений со стороны пациентов, поделился планами модернизации районного здравоохранения на 2022 -2025 годы.

В ходе рабочей поездки рабочая комиссия Карагандинского областного маслихата посетила действующую ВА с. Шахтер, а также строящийся в рамках реализации проекта «Ауыл - Ел бесігі» фельдшерско-акушерский пункт в с. Байтуган.

Дмитрий ШВЕЦОВ

Өзекті

Қазақстанда 111 бірыңғай сенім телефоны құрылды

Қазақстанда 16 қазаннан бастап отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша Бірыңғай сенім телефоны іске қосылды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық пен әлімжеттік құрбандары тәулік бойы 111 нөміріне жүгіне алады.

– Қоңырау қалалық нөмірлер мен ұялы байланыс операторлары үшін тегін болады. Азаматтарға қажетті көмек мәтіндік диалог арқылы да берілетін болады, – делінген хабарламада. – Қиын жағдайға тап болған қазақстандықтарға көмек көрсету үшін білікті психологтар мен заңгерлер тартылды. Әрбір жағдай бойынша операторлар «шұғыл» қағидатын басшылыққа ала отырып, жеке тәсілмен кешенді көмек көрсететін болады. Бірыңғай сенім телефоны мемлекеттік шұғыл қызметтер тізбесіне 101, 102, 103 және т.б. нөмірлермен тең енгізіледі. Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың басшылығымен өткен кеңесте балалар мен жасөспірімдер арасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық пен буллинг мәселелері талқыланды. Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында бірыңғай сенім телефонын ұйымдастыру және зорлық-зомбылық пен буллинг құрбандарына көмек көрсетудің пәрменді бағдарламасын әзірлеу міндетін қойған болатын.

ortalyq.kz

Агропромышленный комплекс

С рабочим визитом

продолжение, начало на стр. 1

Выделено льготное дизельное топливо для сушки зерна в объеме 62,5 тыс. тонн по удешевленной цене. Фининститутами холдинга «Байтерек» проводится пролонгация кредитов без применения штрафных санкций в отношении товаропроизводителей.

«По линии продкорпорации установлены справедливые закупочные цены для фермеров, участвующих в программах форвардной закупки и товарного кредита. Цена за пшеницу 3-го класса составит 120 тыс. тенге, 4-го класса – 105 тыс. тенге. Будет предоставлена возможность исполнения обязательств деньгами без применения штрафных санкций или с заменой на 4-й класс с уплатой компенсации за ухудшение качества в размере 5%.



Дана отсрочка сроком на один год по исполнению обязательств по форвардной закупке и товарному кредиту. Комиссия за 2023 год будет зафиксирована. За годичную пролонгацию фермер будет обязан выплатить только 3%, – добавил министр.

Глава МСХ посетил два района Карагандинской области, где готовят к запуску инвестиционные проекты. В Нуринском районе А. Сапаров ознакомился с реализацией проекта по вводу орошаемых земель в ТОО «Шахтерское», строительством новой молочно-товарной фермы в с. Кобетей.

Всего в этом году в Карагандинской области планируют запустить 26 инвестпроектов в АПК стоимостью 11,6 млрд. тенге.

Собст. инф.



ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

25 қазан - Республика күні қарсаңында аудан әкімі Бақытжан Мұқанов Нұра ауданының азаматтық қорғаныс саласының қызметкерлерін төл мерекелері Құтқарушылар күнімен құттықтады.

Құрманғазы Пшенбаев, Амангелді Рахимберлин, Самат Маутиев, Сергей Дымнич марапатталды. Ал, № 25 өрт сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау капитаны Азамат Камалетдинов III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен

Халқы үшін ауыр желдің өтінде жүріп, жаздың аптап ыстығында өрттен, қыстың қақаған аязы мен бет қаратпайтын боранында күн демей, түн демей жолда қалған жолаушыларды құтқарып, өз өмірлерін қатерге тігіп, жүрек жұтқан батырлықпен қызметін атқарып жүрген батырлар төл мерекелері күні марапатқа ие болды.

Салтанатты шара барысында аудан әкімі құтқарушыларды мерекелерімен құттықтай келе, бір шаңырақтың отағасы, балаларының асқар тау әкесі, ата-анасының қамқоршысы бола отырып, өз өмірлерін қатерге тіге, еңбектерін адал атқарып жүрген азаматтық қорғаныс саласының қызметкерлеріне алғыс білдірді.

Мерекелік шара барысында ауданның төтенше жағдайлар қызметінің дамуына қосып келе жатқан еңбектері үшін аудан әкімінің Алғыс хатымен Қуандық Дүйсенбай, Арман Жанабаев, Амангелді Рахимберлин, Айбек Қартай марапатталды.

Нұра ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Исаев Бекболат пен № 25 өрт



сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау капитаны Азамат Камалетдинов Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар министрлігінің «Мінсіз қызметі үшін» медальдарын табыстады.

I дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен азаматтық қорғау кіші сержанты Ахат Исин, азаматтық қорғау старшинасы Арман Жанабаев, II дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен Асқар Жапаров,

мен Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаментінде марапатталды.

Олжас Бексұлтанов

Мәдениет

Тарихыңды таны,

тұлғанды құрметте!



Жыл сайын Нұра орталықтандырылған кітапхана жүйесі «Өз өлкемді білгім келеді» жобасы аясында өлке тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, белгілі және белгісіз атақты жерлестеріміздің өмірі мен шығармашылық жолын насихаттауда алуан түрлі іс-шаралар өткізеді. Соның бірі - Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, дарынды ақын, ұлағатты ұстаз болған атақты жерлесіміз Махмет Темірұлының 100 жылдық мерейтойына арналған «Тарихыңды таны, тұлғанды құрметте!» атты велошеруі.

Ұйымдастырушылар - Бүркіт Ысқақұлы атындағы орталық кітапхана мен Көбетей үлгілі ауылдық және балалар кітапханасы. Іс-шараға туған өлкенің тарихына қызығушылық пен құрмет көрсеткен түрлі жастағы 30-дан астам велошарабандоз: Р. Асубаев атындағы жалпы білім беру мектебінің дене шынықтыру ұстаздары, мектеп оқушылары, Көбетей ауылы әкімшілігі мен Мәдениет үйінің қызметкерлері қатысты. Олар Көбетей ауылында республикалық деңгейде өткен Махмет Темірұлының мемориалдық тақтасының салтанатты ашылуының куәгері болды.

Ашылу рәсімінен кейін тағылымды

шараға жиналған қауым алдында көш бастап, Махмет Темірұлы қызмет атқарған мектеп алаңында өткен салтанатты шараны, Көбетей ауылдық және балалар кітапханалары дайындаған «Асыл адам айнасы» атты көрме инсталляциясын тамашалап, мектеп мұражайымен танысты.

Осы жиында Б.Ысқақұлы атындағы орталық кітапхананың Махмет Темірұлының 100 жылдығына арнап ұйымдастырған «Найзағай сөздің жүйрігі» атты онлайн өлеңдер байқауының жеңімпаздары марапатталды. Олар: Абильдина Мерей – 1-орын (Көбетей ауылы), Рашид Аңсар Рашитқызы – 2-орын (Заречное ауылы), Сарсенбаев

Еркебұлан – 3-орын (Изенді ауылы).

Б.Ысқақұлы атындағы орталық кітапхана және Көбетей ауылдық кітапханасы мен балалар кітапханасы велошеруді өткізуге көмек көрсеткен Махмет Темірұлының отбасына, арнайы Дулат Махметұлына, барлық қатысушыларға, велошеру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз еткен жергілікті полиция қызметкерлері мен аурухана ме-йірбикелеріне алғыс айтады.

С.А. Мұстафина
Нұра ОКЖ-нің «Оқырмандарға
қызмет көрсету»
секторының басшысы

Тағылым

САҚАЛДЫ ЖӘНЕ ҮЛКЕНДІ СЫЙЛАУ САЛТЫ

Ақсақалдар мен өзінен үлкен кісілерге құрмет көрсетіп сыйлау, бала, ата-анаға, кіші үлкенге құрмет көрсетіп, шартсыз бойсұну, яғни, қазақ халқының бұлжымас салттарының бірі. Әдетте, ақсақалды адамдарды сыйлап, ата-аналары мен жасы үлкендерге бойсұнып, жасы, жолы үлкен адамдарды құрметтеп, артық-кем ісі болса, оған кешірім және түсіністікпен қарау адамдық қарым-қатынастағы өліпелік сауат есептеледі де, бір үйдегі барлық адам ата-анаға бойсұнады. Ата-аналары жоқ болса, жасы кішілері жасы үлкендеріне бойсұнып, соның теңірегіне топтасады. Үлкеніне бойсұнбай, алды-алдына би болып, бастары қосылмаған туысқандарды ел-жұрт жек көріп, «бассыз, берекесіз, алды-алдына алты бас» деп қатты жек көреді. Тіпті, «ағайынның аразы болса да, безері болмайды» деп, торқалы той, топырақты өлімде ағайын-туыстар арасындағы өкпе-ренішті түгел қайырып тастап, ортақ іске бір кісідей атсалысып, ауыл ақсақалдары мен жасы үлкен азаматтары жасы кішілеріне бас-көз болып, береке-бірлікке шақырып отырады да, жасы, жолы кішілері солардың айтқаны бойынша істейді. Қандай жағдайда да сақалды, үлкенді сыйлайды.

Сақалды және үлкенді сыйлау адамдардың жауапкершілік пен борыштылық сезімдерін күшейтеді. Сондай-ақ, өзгелердің өзіне құрмет сезімін оятып, өмірге деген таным-түсініктерін тереңдетеді. Адамдардың қоғамдық қарым-қатынастарын кеңейтіп, барған жерлерінде орындары төр, көңілдері шат болады.

Өз тілшімізден



25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

БІЛГІР МАМАН – БІЛІКТІ БАСШЫ

Еліміздің болашағы - жас ұрпақтың дүниеге көзін ашатын, салауатты өмір салтын насихаттайтын, өмір сүрудің шынайы мәнін ұғындыратын асыл адам, ол - ұстаз. Ұрпақтан-ұрпаққа ұласатын тәлім-тәрбие алуға, өмірінің азығы болар білім нәрін себетін аса құдіретті жан, ол - ұстаз. Ғалым да, шахтер де бас иетін қасиетті жан, ол - ұстаз. Ұстаз болу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Ұстаз жүгі - жауапкершілігі мол ауыр жүк. Сондықтан да қарапайым еңбек адамынан бастап, керемет ұлы ғұлама данышпанға дейін ұстазды қадір тұтады.

Білім беру саласында ұзақ жылдар бойы таңның атысы, күннің батысы шаршамай, талмай еңбек етіп келе жатқан ұлағатты ұстаз - С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебінің директоры Балабиев Атымтай Ескенұлы.

Балабиев Атымтай Ескенұлы 1963 жылы 19 қазанда Киевка кентінде ұстаздар отбасында дүниеге келген. Ұстаздар отбасы дейтініміз - әкесі Балабиев Ескен Балабиұлы тарих пәнінің мұғалімі, анасы - Қадырова Рашида Хабибовна математика пәнінің мұғалімі қызметін атқарған. Жұбайы Исжана Нургұл Мұқатайқызы да С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебінің тарих пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Бүгінгі күні бұл ұстаздар отбасы тәрбиелеген шәкірттер Қазақстанның түкпір-түкпірінде белді-белді қызметтер атқарып жүр.

Атымтай Ескенұлы 1981 жылы мектепті үздік бітірген соң, Қарағанды мемлекеттік университетінде оқып, 1986 жылы математика пәнінің мұғалімі



мамандығы бойынша диплом алды. 1986-1987 жылы Отан алдындағы әскери борышын атқарып келген соң, 1989 жылға дейін Байтуған орта мектебінде математика пәні мұғалімі болып еңбек жолын бастады. 1989-1996 жылдары Киевкада № 1-ші орта мектебінде математика пәні мұғалімі болып қызмет атқарды. 1996-2002 жылдары Киевкада № 3-ші орта мектебінде тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі

болып қызмет атқарды. 2002 жылдан бүгінгі күнге дейін С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектепте адал қызмет атқарып келеді. Осы кісінің бастамасымен мектепте көптеген іс-шаралар атқарылды. Мектепте халқымыздың асыл перзенті С.Сейфуллинге, алғашқы мультипликатор жерлесіміз Әмен Хайдаровқа арналған мұражай ашылды. Аудан, облыс көлемінде бірнеше семинар, конференциялар өткізілді. Оған көптеген зиялы қауым өкілдері қатысты. Мектебімізді «Таңшолпан» бағдарламасынан көрсетті. Білім саласындағы ерен еңбегі үшін көптеген дипломдар, мақтау қағаздарымен марапатталған.

Атымтай Ескенұлы шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленген өз пәнінің білгір маманы, жаңашыл, шығармашыл, онымен қоса ұйымдастырушылық қабілеті бар, әртүрлі идея ұсына алатын білікті басшы. Ұжыммен жұмыс істей алатын, қол астындағылардың пікірімен санаса алатын адамгершілігі мол, кез келген бастаманы жауапкершілікпен істейтін жан. Ақжарқын, сабырлы, қарапайымдылығымен ұжым арасында беделді. Бірнеше аспапта ойнайтын, әншілік өнерге жаны құштар, бір бойынан бірнеше өнер табылған «сегіз қырлы, бір сырлы» жан. Қажет болған жағдайда орынды қалжың айта алатын тапқыр басшы. Ұлды да, қызды да тәрбиелеп отырған асқар тау әке, алты жиен-немеренің сүйікті атасы. «Ұстаз - ұлы тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі сияқты» демекші, біздің ұжымда осындай жан бар екенін мақтанышпен жеткізіміз келеді.

С.Сейфуллин атындағы
жалпы білім беретін мектебінің ұжымы

Спорт

Призеры областного турнира

Команда "Нұра" из г. Караганды заняла 2 место в областном летнем турнире ЛЛФ "Высшая лига". Вратарь команды Владислав Бобков признан «Лучшим вратарем» любительской футбольной лиги Карагандинской области «Жаз - 2023».

Отметим, что в 2020 году в городе Караганде была создана любительская футбольная команда "Нұра". С момента создания команда является постоянным участником областного турнира по футболу под эгидой Лиги любителей футбола, других турниров, проводимых в Карагандинской области. Команда в большинстве состоит из ребят - уроженцев Нуринского района, проживающих, в основном, в г. Караганде, городах-спутниках, но есть спортсмены и из других регионов Казахстана.

Основными целями команды является популяризация футбола среди молодежи, а также поддержка молодых нуринцев, учащих в различных учебных заведениях г. Караганды, готовых отстаивать спортивную честь родного края.

За короткое время команда добилась хороших спортивных результатов. Так, 1 место было занято в турнире в честь от-

крытия многофункционального спортивного комплекса на базе воздухоопорного сооружения в п. Нура; - 1 место - в соревнованиях по мини-футболу "BOLASHAQ CUP" в г. Караганде; - 1 место - в открытом турнире по мини-футболу, прошедшем в Бухар-Жырауском районе. Нападающий команды "Нұра" Нұрқасым Құдайберген был награжден в номинации "Лучший игрок".

Кроме этого, игроки прошли отборочный этап спортивного реалисти-шоу "Super Bol" и показали хороший результат. В нынешнем составе команды

играют Абдигалиев Даурен - тренер, представитель (п. Нура), Туленов Айдос - капитан, Тулеуов Мадияр, Тулеуов Медет, Абиылда Сырлыбек (с. К. Мынбаева), Нурмухан Жусупбек (с. Карой), Мартаев Алмаз (с. Кайнар), Асхатов Асылжан (с. Изенды). Представитель команды "Нұра" Абдигалиев Даурен является судьей в Лиге любителей футбола. Награжден почетной грамотой Лиги. В сезоне "Осень-Весна - 2023" был награжден дипломом "За лучшее судейство".

Команда из сезона в сезон ставит перед собой высокую



планку, стремится выигрывать в каждом турнире, как можно чаще радовать своих болельщиков победами. Недавно команда пополнилась молодыми игроками, прошедшими отборочный тур.

За постоянную поддержку, спонсирование команды "Нұра" спортсмены выражают глубокую признательность и благодарность землякам - нуринцам Карину Абсалямү Енбековичу и Искакову Мейраму Төлеутаевичу.

Дмитрий ШВЕЦОВ



25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

КӨШПЕН БІРГЕ ТІРЛІК КЕЛДІ

Биыл мектептен тоғыз бала оқу тәмамдапты. Мектепке бала бармаса, өкінішке қарай, жабылады. Жазда ауылдағы ел-жұрт жиын өткізіп, ел көшіріп әкелуге келіседі. Мұндай игі істің басында жүрген ауыл жанашыры, аудандық мәслихат депутаты Рамазан Әбілдин жан-жақтан көпбалалы отбасыларды қарастырады. Бір жағынан мектепке мұғалім де қажет. Осыны негізге алады.

Он отбасы Астана қаласынан, Жезқазғаннан, Қорғалжыннан және Баршын, Жүкей ауылынан көшіп келген. Көшіп келгендердің арасында жас отау да бар. Ерболат пен Ажар есімді екі жас Астанадан көшіп келген. Ажардың жоғары білімі бар. Қазір бастауыш мектеп мұғалімі.

Ал Қорғалжыннан көшіп келген Қанат Мүзбаевтың шаңырағында жеті бала бар. Барлығы мектепке орналасты. Астанадан қоныс аударған Ұлболсын Серікбайқызы тарих пәнінен, Жезқазғаннан келген Береке Тасыбекова физикадан сабақ береді.

Жүкей ауылынан көшіп келген Уәлихан Оразғалиұлы қазір ауылдағы шаруашылықтың бірінде жұмыс істеп, нәпақа тауып жүр. Зайыбы Әйгерім өзирге баламен үйде отыр.

– Бес баламыз бар. Бұрын Жүкейде тұрғанда үш балам көрші ауылдағы мектеп-ин-

Тікенекті ауылы аудан орталығынан әжептәуір қашық. «Шұбаркөл көмір» кен орнына жақын. Мұндағы шаруашылықтар ауылына шарапатын төгіп отыр. Түгін санын көбейтіп. Өткен жылы екі отбасы көшіріп әкелсе, биыл он отбасыны ауылдағы ағайын үлкен ықыласпен қарсы алды. Тегін үйге қоныстандырып, оны жаңартып алуына қолғабыс берді. Алдына мал салып, жұмысқа орналастырады. Малына жем-шөпті де тегін үлестіреді. Көмірді де түсіріп берді. Осылайша, шаруашылық иелері ауылдарындағы берекелі тірлікті жалғап отыр.



тернатта оқыды. Балалар үйді қатты сағынатын. Сол себепті бізге балалармен бірге көшуді ұсынып, көмектесеміз дегенде көп ойланбадық. Бес бөлмелі үй берді. Мал берді. Шөбімізді, көмірімізді түсіріп берді. Ауыл

халқы тату екен. Жомарт жан-дар көп. Жылы шыраймен қарсы алды, – дейді Әйгерім Серікбаева.

Шағын ауылда ауыз су үйге дейін келіп тұр. Ұялы байланыс бар. Интернет желісіне

қосылған. Ауыл халқының қаражатына салынған мешіт бар. Ауыл жанашыры Рамазан Әбілдин ауылына өз қаражаты есебінен мәдениет үйі мен диско клуб тарту еткен. Онымен қоса ауылдағы аз қамтыған

отбасыларға азық-түлік себетін үлестіріп отырады.

Рамазан Мұқатайұлының шаруасы шалқыған. 2001 жылы ашқан шаруа қожалығы бүгінде өркен жайған. Өрісін ақбас сиыр мен Қамбар ата төліне толтырған. Ертеректе түрлі қызметке шақырту түссе де, ауылынан алыстағысы келмеген азамат ел мақтанына айналған.

– Ауылдан өсіп-өнеді екенбіз, ал оның басына қиындық орнағанда тастап кетсек, не боламыз? Топырағының қастерін сезінеді екенбіз, бір тал еге алмасақ, қайткеніміз? Жалпы, жалғыз адамның қолынан ештеңе келмейді. Ауылдағы фермерлерге шексіз ризашылық білдіру керек. Ұсынысымызды қолдап, көмек қолын созған, демеушілік көрсеткен оларға көптің алғысы жаусын. Жасыратыны жоқ, жаз бойы алаң күйде жүрдік. Кім келе қояды деп шалғайға. Бірақ жанымызды салып, жұмыла кірістік. Жұмысқа орналастырдық.

Ауылымыздың тамырына қан жүгіре бастағандай. Тіршілік қызу. Бізде бір ғана ой бар – ауыл дамыса, ел өркендейді, – дейді игі істің бастамашысы Р.Мұқатайұлы.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Egemen Qazaqstan» газетінің
Қарағанды облысы бойынша
меншікті тілшісі арнайы
"Нұра таңы" газеті үшін



25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

Тәрбие тал бесіктен басталады

Отбасы - ұттың ұясы

жалғасы, басы 1-бетте

Сенімен болашақ" республикалық қоғамдық бірлестігінің Карағанды облыстық филиалының ұйымдастыруымен, Нұра ауданы әкімдігінің, ішкі саясат, білім бөлімдерінің қолдауымен өткен келелі кездесуге ауданға қарасты мектептердің ата-аналар ұжымы, директорлары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, аудандық әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері қатысты.

Кездесуге арнайы спикер ретінде "Сенімен болашақ" республикалық қоғамдық бірлестігінің Карағанды облыстық филиалының басшысы Индира Жанұзаққызы, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, сарапшы Болат Сыздық ағамыз, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ философия және психология факультетінің профессоры, психология ғылымдарының докторы Светлана Аубакировна және Нұра ауданы прокуратурасының аға прокуроры Жания Қыпшақбаева қатысты.

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы - белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы – баланың азамат болып өсуінің негізі екені баршамызға мәлім. Ал, мектеп



қабырғасында қазіргі кезде оқушылар арасындағы электронды темекі шегу, бір-біріне әлімжеттік көрсету, ұстазды сыйламау деген сынды қылықтар танытуды әлеуметтік желіден күнде көреміз. Тіпті, қазіргі кезде етіміз де үйреніп кеткендей, еш үрейсіз, оқып, қоя саламыз. Осы қатігездікке жастар неге үйір. Осыған оларды не итермелейді, немесе не еліктеді. Осы тұрғысында спикерлер тарапынан ситуациялық сұрақтар қойыла отырып, қатысушылар мәселенің түйінін шешу жолдарын талқылады. Екі жарым сағатқа созылған кездесу қасқағым сәтте өте шыққандай болды.

Кездесуден түйгеніміз - адамның жеке басының

алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ержетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылауы – оның көкірегінде көп жылар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынасты, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам. Сондықтан отбасы – өте қажетті, басқадай ешнәрсемен өзгертуге болмайтын баспадақ. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.

Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі –

тәрбиелеушілік міндеті, оны қоғамдық тәрбиенің ең тиімді деген жүйесі де алмастыра алмайды. Оның негізгісі – баланы өмірге келтіру ғана емес, сонымен бірге оған әлеуметтік-мәдени ортаның құндылығын қабыдаттыру, үлкен ұрпақтың тәрбиесін жас ұрпаққа жеткізу, бойына сіңірту, яғни балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру – әке-шешенің ең маңызды міндеті. Ата-ананың, басқа да отбасы мүшелерінің өмір сүру тәжірибесі, жүріс-тұрысы, өз міндеттерін таза атқару, бір-бірін құрметтеп сыйлауы – бәрі де үлкен мектеп, тәрбиелік мәселе.

Қазіргі кезде әлеуметтік желі де бала тәрбиесіне өзінше

ықпал жүргізери анық. Осы тұрғысынан отбасындағы әр бала өзінше қалыптасады, бүгінгі заманда әр балаға ата-ана тұрғысынан жеке-жеке қарым-қатынас қажет. Себебі олардың күнделікті өмірден алып жатқан мағлұматтары санасына әсер етіп, тұлғалық қалпын ерекшелеп тұрады. Бір үйдің бес бааласын бір ғана тәртіппен тәрбиелеу бүгінде мүмкін емес. Баланың да ой-өрісімен санасып, ортақ бір шешімге келіп, ортақ келісіммен дұрыс бағытын көрсете отырып тәрбие берілмесе, бала «мені ешкім түсінбейді» деп, басқа, теріс жолды таңдап кетуі де мүмкін. Бүгінгі күндегі қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән ж а р а с ы м д ы л ы қ т ы ң құлдырауға ұшырауына байланысты қоғамда бірқатар кертартпа әрекеттің пайда бола бастағанын байқаудамыз. Бұл осы бала тәрбиесіне ата-ананың уақытының жетпеуінен туындап отырған шара болуы мүмкін деген де ойлар айтылды. Кездесуге келген әр ата-ана өз ойын жеткізуге тырысты. Көп жағдайда баланы өзіміз дұрыс түсінбей, өзімізге, қоғамға қарсы қойып алып жүрміз-ау деген пікірлер де айтылды.

Ұлттық құндылықтарымызды, әр отбасының өзіне тән құндылықтарын бала бойына сіңіре отырып, жаңа буын өкілін мәдениетті, әрі өз ұлтының мәдениетін жете меңгерту отбасының басты міндеті болуы шарт деген түйін түйдік.

Тазағұл Пішенбаева

Конфессияаралық диалогтың маңызы

Конфессияаралық диалог – әртүрлі діндердегі адамдар арасындағы қарым-қатынас процесі. Мақсаты – бір-бірін түсіну мен мағынасын тереңінен ұғыну. Әлемде көптеген діндер бар және олардың әрқайсысының сенімдері де әртүрлі. Кейде бұл айырмашылықтар қақтығыстар мен түсініспеушіліктерге әкелуі мүмкін, бірақ конфессияаралық диалог бұл келіспеушіліктерді жеңуге және бейбіт атмосфераны құруға көмектеседі.

Қазіргі әлем ақпарат пен мәдени айырмашылықтарға толы. Нәтижесінде адамдар басқа мәдениеттер мен діндерге ашық және төзімді бола алды. Дегенмен, діни келіспеушіліктерге байланысты туындауы мүмкін белгілі бір қақтығыстар бар. Бұл зорлық-зомбылыққа, кемсітушілікке және басқа да жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

Конфессияаралық диалог мұндай қақтығыстарды шешуде және бейбіт атмосфераны құруда маңызды рөл атқарады. Бұл адамдарға бір-бірінің көзқарастары мен сенімдерін түсінуге, сондай-ақ ортақ көзқарастарды табуға көмектеседі. Өз кезегінде халықаралық қатынастарды нығайтуға және әртүрлі діни қауымдастықтар арасындағы шиеленісті азайтуға ықпал етеді.



2022 жылдың қыркүйек айында Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезді өтті. Бұл жаһанның түкпір-түкпірінен келген түрлі діндердің өкілдері жиналған ауқымды іс-шара болды. Съездің басты мақсаты – конфессияаралық диалог мәселелерін талқылау және оның даму жолдарын қарастыруға негізделді. Съезд аясында діни қақтығыстарға, мәдени айырмашылықтарға және конфессияаралық қатынастардың басқа аспектіле-

ріне қатысты әртүрлі мәселелер талқыланды.

VII Съездің маңызды сәттерінің бірі – ірі діни қауымдастық өкілдерінің қатысуы. Олардың арасында христиан, ислам, буддизм, иудаизм, индуизм және басқа да діндердің өкілдері болды. Барлығы конфессияаралық диалогты нығайтуға және әлемде бейбіт атмосфера құруға ортақ үндеу жасады.

Сонымен қатар, съездің мақсаттарының бірі – әлемде ашық және төзімді атмосфера

құру болды. Бұған нәсілдік, этникалық және діни кемсітушілік мәселелерін талқылау және оны жеңу жолдарын іздеу кірді. VII Съездге әртүрлі діни қауымдастықтар мен мәдени ұйымдардың өкілдері шақырылды. Олардың арасында жоғары дәрежелі рухани көшбасшылар, ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері болды. Съезде Ватикан мен Католик шіркеуінің басшысы Рим Папасы Франциск, ең көне Әл-Азһар ислам университетінің Жоғарғы имамы Шейх Ахмад ат-Тайеб,

Орыс православ шіркеуінің өкілдері, Израильдің Бас ашкеназ раввині Давид Лау, Израильдің Бас сефард раввині Ицхак Иосиф және басқа да рухани көшбасшыларды қоса алғанда, ірі діни қауымдастықтардың өкілдері де төбе көрсетті. Конфессияаралық диалогтың көптеген артықшылықтары айқын болса да, алайда оның дамуын қиындататын белгілі бір проблемалар мен кедергілер бар. Мысалы, кейбір діни лидерлер мен қауымдастықтар диалогқа дайын болмауы немесе басқа көзқарастарды қабылдауы мүмкін. Сонымен қатар, конфессияаралық диалогты қиындататын мәдени айырмашылықтар да бар. Кейбір мәдениеттер жабық және консервативті болуы мүмкін, бұл басқа мәдениеттер мен діндердің қарым-қатынасына қиындық туғызады.

Конфессияаралық диалог алдағы кезеңдер де қиындықтар мен кедергілерге қарамастан, дамудың үлкен әлеуетіне ие болмақ. Бұл әртүрлі діни қауымдастықтар арасындағы шиеленісті азайтуға және әлемде бейбіт атмосфераны құруға көмектеседі.

Kazislam.kz

ХЕЛЛОУИН – АДАСУДЫҢ БІР ЖОЛЫ

Қазан айының соңында Хеллоуин дейтін ұсқынсыз бір мереке сымақтың болатынын айтып, кейбір жұрттар шулап жатады. Ол қайдан шықты дерсіз? Мұсылмандарға тән мереке емес екендігі анық нәрсе. Онда христиандардан шыққан болар? Жоқ, олай емес екен. Христиандардың өзі бұл мерекені естігенде төбе шаштары тік тұратын көрінеді. Керек десеңіз, бұл күнді «азап күні» деп санайды екен олар. Бұл жайында Солтүстік Американың ислам қоғамының бұрынғы президенті, доктор Музаммил Сыддық былай дейді:

«Бұл мейрам кельттердің (индоевропалық тек) рухтарды шақыратын ырымдарының бірі. Кейіннен христиан шіркеулері бұны «Барлық қасиетті нәрселердің күні» (бұл күні батыстық шіркеулерде өлілерді еске алу күні) деп атап, өзгертісі келді. Бір анығы, көптеген христиандар осы уақытқа дейін бұл нәрсеге түбегейлі қарсы шығып, тойламаған. Оны тіпті, heilday (азап күні) деп атаған».

«Христиандар бұл мейрамды қабыл-дасын-қабылдамасын, біз, мұсылмандар, бұны қабылдай алмаймыз. Үлкен көлемдегі асқабақтарды бекерге ысырап қылып, үйді «жын» секілді безендіріп қою ақылға қонбайтын нәрсе. Ақыл тоқтатқан кісілердің сайқымазақ секілді жүретіндеріне таңым бар. Соңғы кездері бұл қорқынышты болып бара жатыр. Адамдар кәдімгідей түрлі құбыжық күйге еніп, жан-тәнімен



берілетінді шығарды. Мұсылмандар бұлардың қатарында болмауы керек».

Бастысы бұл — батыстың мерекесі. Әр жылдың қазан айының 31 күні кешке басталады. Қарап тұрсаң, бұл әрекеттер друидтердің (кельт халықтары) жаңа жылын еске түсіреді. Себебі, олар сол кезде өлгендер үйлерді аралайды деп сенеді-мыс. Бұл кез — асқабақтардың пісетін мезгілі. Хеллоуиннің кесірінен сол асқабақтар әр үйдің қазанынан емес, әр елдің қоқыс жәшігінен табылады. Неге десеңіз, бүтін асқабақты ойып, ішіне шам жағып қояды. Хеллоуиннің басты белгісі де осы.

Хеллоуин – адасудың бір белгісі. Көпқұдайшылықты насихаттайды. Мұсылмандарға бұл мерекені тойлауға болмайды. Жалпы, есі дұрыс адамның бұл мерекені ұната қоюы екіталай. Бір қынжылтатыны, әлі онша таныла қоймаған осы мейрамды адамдар көп жиналатын ойын-сауық, сауда орталықтарында, т.б. орындарда шолақ белсенділер насихаттап жатады. Еріккен кейбір жастарымыздың бұған есі кетіп, хеллоуиннің жанқияр қолдаушысына айналуы ғажап емес.

Хеллоуин деген жат мерекені жақындатып абырой таппаймыз! Жын-ойнаққа жақын бұл мейрамға үлес қосып қадірімізді кетірмейік!

Нұра мешіті

ЕСКЕ АЛУ



Отбасымыздың тірегі, асқар тау әкеміз, немерелерінің сүйікті атасы, бауырларының жанашыр ағасы, ақылшымыз болған **Досжанов Қорабай Досжанұлының** фәниден бақилыққа аттанғанына бір жыл толып отыр.

Шіркін, зымыраған уақыт. Әке, Сізсіз өткен бір жыл біз үшін өте ауыр болды. Тәрдегі орныңыз ойсырап тұр, жан әке. Сағыныштан жүрегіміз сыздайды.

Марқұм әкеміздің көрмегені көшесінен жарылқап, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Тәні рахатта болып, жаны жаннаттан жай тапсын. Әкемізге иманы жолдас болып, Алланың нұры, Пайғамбардың шапағаты жаусын.

Сағындым, Әке...

Әкетайым... Әкешім

Сен едің ғой сүйенішім, демеушім.

Сен едің ғой қорғаушым да қолдаушым,

Жарық қылар күн нұрындай үй ішін.

Әке..., әкетайым..., қорғаным,

Жетпей тұр-ау, маған сенің қолдауың.

Көз алдыма елес болып келеді,

Ыстық сенің құшағыңда тұрғаным.

Әкетай...

Сағынышым саған деген басылмай,

Армандаймын болсаң ғой деп қасымда-ай!

Асылымсың, асқарымсың, жан әкем...

Жүрмін, әке, еңсем түспей жасымай,

Сағындым сені...

Ардақты менің әкем-ай!

Әкеміздің жылына арналған құдайы ас қараша айының 4-і күні Кертінді ауылының "Болат қажы" мешітінің асханасында сырттан келген қауымға және ауылымыздың ер азаматтарына 12.00-де, ауылымыздың әйелдер қауымына сағат 15.00-де беріледі.


Еске алушылар: бауырлары, балалары, келіндері және немерелері.

Ақмешіт ауылы, Шалабеков көшесі, 35 мекенжайы бойынша 5 бөлмелі жеке үй сатылады. Моншасы, екі бақшасы, екі скважинасы, гараж және мал қорасы мен шөп жинайтын орны бар. Тел: 8 705 184 92 80

Продаётся дом в п. Нура по адресу: ул. Мынбаева, 11. Имеются огород, хозпостройки, гараж, центральный водопровод. Тел.: 87055817974

Продаётся 4х комнатная квартира в двухквартирном доме по адресу ул. Балабиева. Рядом находятся садик, школа, магазины, детская площадка. Цена бмлн. Тел. 87051084305

ЕСКЕ АЛУ



Бір жыл өтті асқар тауым құлагалы, Жыл өтті ғой анам іздеп жылағалы. Әр күніміз сағынышпен өтсе-дағы, «ӘКЕ» деп соғады ғой жүрек әлі.

«Қайғының орнын сабырлық басады, шарасыздықтың күнін шүкіршілік басады» дегендей, Егінді ауылының тумасы болған, Изенді ауылының тұрғыны болған, асыл жар, аяулы әке, сүйікті ата **Жақупов Ерлік Ескермесұлының** (61 жаста) өмірден озғанына 1 жыл толады. Изенді ауылында еңбек жолын бастап, 1983 жылдан 1996 жылдарға дейін Кеңжарық бөлімшесіне механизатор болып ауысып, өзінің сабырлылығымен, адамгершілігімен адал еңбек етті. Егінді ауылында 1997 жылдан бастап 2021 жылға дейін жалғастырды. Жұбайы, балалары, ағайын-туыс, бауырлары сағынышпен еске ала отырып, жатқан жері жарық, топырағы мамық болсын деп тілейміз.

Ағайын-туыс, дос-жаран, құда-жекжат, ауылдас, көршілер! 29 қазан күні Егінді ауылының асханасында сағат 12.00-де жан-жақтан келушілерге, сағат 15.00-де ауылдастарға әкемізге арнайы құран бағышталып, жылдық құдайы асы беріледі.

Еске алушылар: жұбайы Маржан, балалары: Жансұлу-Дәулет, Мақсат –Мира, Мақпал-Нұртас, немерелері мен жиендері.

Көңіл айту

"Ардагерлер ұйымы" РБҚ Нұра аудандық филиалы тыл және еңбек ардагері **Балабиева Шарбаннның** қайтыс болуына байланысты отбасы, туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Нұра ауданының білім беру бөлімі, Нұра ауданының кәсіподақ ұйымы және «Тірек мектеп (РО) №3 Киевка жалпы білім беретін мектебі» КММ ұжымы қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Нақупова Нұрыш Абдиманақызына ағасы, зейнеткер-ұстаз Нақупов Айткен Жүкешұлына

қайын ағасы Жұматай Әбдіманапұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы және туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Нұра ауданының білім беру бөлімі, Нұра ауданының кәсіподақ ұйымы, Нұра ауданының мектеп ұжымдары және Пушкин негізгі білім беретін мектебінің ұжымы Пушкин орта білім беретін мектебінің технология пәнінің мұғалімі

Альханов Нұрлан Сайлаубайұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты жұбайы, осы мектепте тәрбие ісінің меңгерушісі болып жұмыс атқаратын Альханова Светлана Владимировнаға, отбасы және туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Нұра ауданының білім беру бөлімі, Нұра ауданының кәсіподақ ұйымы, «Тірек мектеп (РО) №3 Киевка жалпы білім беретін мектебі» КММ ұжымы қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Сагимбекова Ляззат Жанкелдіқызына

нағашы апасы Қарлығаш Қартайқызының

қайтыс болуына байланысты отбасы және туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Памяти коллегии



14 октября 2023 г. ушла из жизни Белякова Мария Алексеевна, бывший руководитель Нуринаского районного управления казначейства.

Белякова М.А. родилась 2 августа 1954 года в с. Петропавловка Алтайского края. Свою трудовую деятельность начала в 1974 году кредитным инспектором в Киевском отделении госбанка. С 1979 по май 1992 г.г. работала заместителем управляющего Токаревского отделения Госбанка, управляющим Молодёжного отделения госбанка, заместителем начальника кредитного инспектора Киевского Агропромбанка. С мая 1992 по январь 1998 г.г. работала начальником РКЦ нацбанка пос.Киевка, начальником Бюджетного банка. С января 1998 г по август 2012 г. работала начальником Нуринаского районного управления казначейства. Всю свою жизнь посвятила любимому делу, показав себя грамотным, добросовестным, ответственным руководителем. Её отличали глубокая человечность, высокий профессионализм. За время работы неоднократно награждалась почётными грамотами ДК казначейства, министерства финансов РК, нагрудным знаком "100 лет министерству финансов РК".

Коллектив Нуринаского районного управления казначейства выражает соболезнования родным и близкой покойной. Скорбим вместе с вами.

Тұрғындар назарына!

Жылыту кезеңіндегі өрт қауіпсіздігі

Жылыту кезеңінде пешпен жылытудан болатын өрттердің саны да артады және пештерді дұрыс пайдаланбау өрттердің себептерінің бірі болып табылады.

Осыған байланысты Нұра ауданының ТЖ бөлімі халықты пешпен жылытуды пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігінің ережелерін қатаң сақтау қажеттігі туралы ескертеді. Келесі қарапайым ережелерді сақтау, жылу маусымы ешқандай қиындық әкелмейтініне кепілдік береді, ал пеш шынымен үйдегі жылу мен әл-ауқаттың көзі болады:

- жылыту маусымы басталар алдында қазандықтар, жылу генераторлары және калориферлік қондырғылар, үйді жылыту үшін пайдаланатын басқа жылыту құралдары мен жүйелерді, пештерді тексеру қажет;

- ақаулары бар пештер мен басқа жылыту құралдарын пайдаланбаңыз. Бұл қайғылы жағдайға әкеліп соқтырады. Есіңізде болсын, сіз пайдаланатын пештер мен басқа да жылыту құралдарының жанғыш құрылымдардан өртке қарсы бөліктері (шегіністері) нормаға сәйкес болуы тиіс, сондай-ақ пеш алдындағы оттық парағының көлемі 0,5 x 0,7 м кем емес күймеген және зақымданусыз болуы тиіс; -пештерді тек арнайы мамандарға қалатыңыз немесе жөндеңіз;

- түтін мұржалары мен пештерді күйеден тек жылыту маусымы басталар алдында ғана емес, бүкіл жылыту маусымы бойы (айына кемінде 1 рет) тазарту қажет. Со-



нымен, тұтану алдында тартылыс тексеріледі, егер дұрыс тартпаса, түтіндік пен мұржаларды тазалау қажет. Мұржаны міндетті түрде өктеу керек;

- түтін мұржалары жарамды ұшқын ұстағыштармен жабдықталуы тиіс (ұшық өлшемі 5x5 мм аспайтын металл торлармен). Түтін мұржаларының температурасы шатырдың жануына әкелмеуі үшін шатырмен жанасатын жерлердегі түтін мұржалары жанбайтын материалдармен

(мысалы, асбест табақтары) оқшаулануы тиіс. Жанатын жылытқыш орамдарын қолданған кезде құм төселуі тиіс. Желдеткіш және басқа каналдарды пештің мұржасы ретінде пайдалануға тыйым салынады;

- күлді, қожды, көмірді бұл үшін арнайы бөлінген жерге алып тастау керек, өрт туындау мүмкіндігін болдырмайтын орындар. Мұндай жинау орындарын жанғыш құрылыстардан 15 метрден жақын

орналастыруға рұқсат етілмейді;

- отынды жағуға жанғыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз, бұл жалынның шарпып шығуын тудыруы мүмкін. Пешті жарықшалар пайда болмас үшін және қызып кетудің алдын алу үшін қатты жағуға болмайды;

- пешпен жылытуды пайдалану кезінде жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға, сондай-ақ оларды қадағалауды жас балаларға тапсыруға тыйым салынады. Бұдан басқа, есіктері ашық пештерді жағуға болмайды, тікелей пештерде, пеш алдындағы табақта, сондай-ақ пештердің оттық саңылауларынан кемінде 1,25 м және пештердің басқа қыздырылған бөліктеріне дейін кемінде 0,5 м қашықтықта отын, киім және басқа да жанғыш заттар мен материалдарды кептіруге және жинауға жол берілмейді;

- пешті тек үйде ғана емес, сонымен қатар шатырларды мезгіл-мезгіл тексеріп отырыңыз. Пеш жағуды үйден шыққанға дейін кемінде 2 сағат бұрын тоқтатыңыз.

Отты пайдалану кезінде абай болыңыз! Өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін елемей материалдық залалға ғана емес, адамдардың өліміне де әкелуі мүмкін.

Өрт немесе жану белгілері (түтіндеу, күйіктің иісі, ауаның жоғары температурасы) анықталған кезде дереу 101 немесе 112 телефонына хабарлаңыз.

Нұра ауданының ТЖ бөлімі

Құттықтаймыз!

Биылғы жылы қазанның ішінде ұстаз **Байсалов Жақсылық** 70 жастың төріне шығып отыр. Келешек ұрпаққа тәлім беру жолында 40 жылдан астам еңбек еткен ұлағатты ұстазға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырағына шаттық, дастарқанына береке тілейміз. Жұлдызы жоғары, еңбегі бағалы, мерейі үстем болсын. Өзіне тән қажыр-күшпен, ақыл-оймен, шалқар шабытпен келген абырой-беделіңіз арта берсін.

Тілейміз бүгін сізге амандықты,
Жолатпадыңыз маңайға жамандықты.
Бала-шағаға әрқашан қамқор болып,
Ту етіп нық ұстадыңыз адалдықты.

Жүрегіңіз ешқашан да қамықпасын,
Көңіліңіз көктем болып шарықтасын.
Жақсылығын жаңа күн ала келіп,
Жамандығын өткен күн алып қалсын.

Ізгі тілекпен: Нұра ауданының ардагерлер ұйымы.



Поздравляем!

Уважаемый
Владимир Григорьевич!
Поздравляем Вас с 70-тилетним юбилеем!



В 70-й день рождения
Только для вас все поздравления!
Желаем жизни вам прекрасной,
Дней тёплых, солнечных и ясных!
О цифре этой не грустите,
А радость в сердце пропустите,
И с юмором не расставайтесь,
Как можно чаще улыбайтесь!
И пусть вам жизнь дарует счастье
Без бед, лишений и ненастья!
Всего вам лучшего желаем —
И пусть всё будет! Поздравляем!

**С поздравлением коллектив
ТОО «Шахтерское»**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Черниговский и К» ЖШС Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Көбетей ауылында «тұрақты суару массиві үшін су құбыры және электрмен жабдықтау желілерін салу» жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылғы 29 қарашада сағат 15.00-де өтеді. Мекенжайы: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Чернигов а.о., Көбетей а., Мәдениет үйі.

Карантиндік шаралар жағдайында қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында онлайн режимінде өткізіледі.

Қатысу үшін келесі сілтемеге көшуді сұраймыз: <https://us04web.zoom.us/j/81240003829>
Бастамашы: «Черниговский и К» ЖШС, Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Көбетей а.о., Көбетей а., Қазақстанская көшесі, 8 ғимарат, БСН 981240003829.

ҚОӨБ жобасын әзірлеуші: «КазЭкоПроект» фирмасы Борщенко С.В. ЖК. ЖСН: 850922450567, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау к., Ашимов к., 140. Байланыс телефоны: 87025897219.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен esportal.kz сайтында танысуға болады. Жоба бойынша қосымша ақпаратты kazecoproect2012@mail.ru, 87025897219 телефон арқылы сұратуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: expertiza.upr_krg@mail.ru Қарағанды к., Лобода к-сі, 20.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Черниговский и К» объявляет о проведении общественных слушаний по проекту "Отчет о возможных воздействиях к проекту "Строительство сетей водопровода и электроснабжения для массива регулярного орошения в селе Кобетей Нуринаского района Карагандинской области".

Общественные слушания состоятся 29 ноября 2023 года, в 15:00 ч., по адресу: Карагандинская область, Нуринаский район, Черниговский с.о., с.Кобетей, Дом культуры.

В случае карантинных мер, общественные слушания будут проведены в режиме онлайн на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/81240003829>

Заказчик: ТОО «Черниговский и К», Карагандинская область, Нуринаский район, Кобетейский с.о., с.Кобетей, улица Қазақстанская, здание 8, БИН 981240003829.

Разработчик проекта ОВОС: фирма «КазЭкоПроект» ИП Борщенко С.В. ИИН: 850922450567, Республика Казахстан, Ақмолинская область, г.Кокшетау, ул.Ашимова, 140, конт. тел: 8 702 589 72 19

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте esportal.kz.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел.: 87025897219, kazecoproect2012@mail.ru

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: expertiza.upr_krg@mail.ru и г.Караганда, ул.Лободы, 20.

«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖОБАЛАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ

2023 жылғы 25 қыркүйектен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы инновациялық шешімдер» тақырыбында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалардың республикалық байқауы басталды.

Байқаудың мақсаты – маңызды ғылыми, цифрлық және техникалық шешімдерді, инновациялық жобаларды жүзеге асыру мен анықтау мақсатында азаматтық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа тарту.

Байқауға барлық ниет білдіруші тұлғалар, оның ішінде қоғам, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатыса алады.

Байқау екі кезеңнен тұрады: іріктеу, финал.

Іріктеу кезеңі 2023 жылғы 25 қыркүйектен 30 қазанға дейін өткізіледі.

Байқаудың финалдық кезеңі 2023 жылдың 1 желтоқсанында Қарағанды қаласында өтеді.

Байқаудың қорытындысы бойынша үздік жобалардың авторлары ақшалай сыйақымен марапатталады, сонымен қатар жобаны жүзеге асыру үшін қаржылау-техникалық қолдау көрсетіледі.

Байқауға қатысу үшін өтінімдерді жолдау 2023 жылдың 30 қазанына дейін электронды пошта арқылы жүзеге асырылады.

Байқауға қатысу сұрақтары бойынша қосымша ақпаратты 8 (701) 1864300, 8 (702) 4122906 телефондары арқылы алуға болады.

Қосымша ақпаратты төмендегі сілтемеден алуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption-karaganda/press/news/details/624905?lang=ru>

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ КОНКУРС АНТИКОРРУПЦИОННЫХ ПРОЕКТОВ «ИННОВАЦИОННЫЕ РЕШЕНИЯ ПРОТИВ КОРРУПЦИИ»

С 25 сентября 2023 года стартовал республиканский конкурс антикоррупционных проектов на тему «Инновационные решения против коррупции».

Цель конкурса – вовлечение гражданского общества в антикоррупционную политику с целью выявления и реализации инновационных идей, актуальных научных, технических и цифровых решений.

Принять участие в конкурсе могут все желающие лица, в том числе представители общественности, неправительственных организаций.

Конкурс состоит из двух этапов – отборочного, финального. Отборочный этап проводится с 25 сентября по 30 октября 2023 года. Финальный этап конкурса состоится 1 декабря 2023 года в городе Караганда.

По итогам конкурса авторы лучших проектов будут награждены денежными призами, а также будет оказана финансово-техническая поддержка для реализации проектов.

Подача заявок для участия в конкурсе осуществляется посредством электронной почты в срок до 30 октября 2023 года включительно.

Дополнительную информацию по вопросу участия в конкурсе можно получить по телефонам: 8 (701) 1864300, 8(702) 4122906.

Подробная информация по ссылке <https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption-karaganda/press/news/details/624905?lang=ru>

Денсаулық

СІБІР ЖАРАСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖАҒЫ ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

Сібір жарасы – адам және жануарлардың жоғары өлімімен өтетін аса қауіпті жұқпалы ауру. Сібір жарасының қоздырғышы қоршаған ортаға төзімді болып келеді: топырақта ол ондаған жылдар бойы сақтала алады. Ауру жеке органды ғана емес, тұтас ағзаны да зақымдайды. Инфекция көзі науқас жануарлар болып табылады: ірі қара мал, жылқылар, есектер, қойлар, ешкілер, бұғылар, түйелер. Ауырған жануардың зәрі мен нәжісінде ауру қоздырғышы анықталады. Аурудың негізгі жұғу жолы – су арқылы, жем арқылы.

Адам ауру жануарлардан, мал сойғанда, малға күтім көрсеткенде, асқа ауру малдың етін, сүтін қабылдағанда, споралары бар терісін қолданғанда жұқтырады. Аурудың формасына байланысты адамда дене қызуының көтерілуі, тері жарасы, ісіну; ауыр формаларында қанды іш өту және құсу, іштің ауыруы, өкпе аурулары, жүрек әлсіздігі пайда болады. Емдеусіз ауру өліммен аяқталады.

Аурудан сақтану үшін арнайы топ профилактикалық екпе жүргізеді. Мысалы тері, жүн өңдейтін кәсіпорындар мен ет комбинаттарының қызметкерлеріне, ветеринарларға,

зертханада жұмыс жасайтын дәрігерлер мен зертханашыларға сібір жарасына қарсы профилактикалық екпе егіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

Өзіңіздің денсаулығыңызды қауіп-қатерден сақтау үшін тағамға қолданылатын мал өнімдерін, оларды өңдеуден өткізу тек қана ветеринар сараптамасынан кейін ғана қолданғаныңыз жөн!

Сараптамадан өткен етті сатып асаңыз да, өзіңізге ереже етіңіз: етті үйде қолғаппен бөлу керек, тақтай, пышақ тек қана шикі етке ғана арналған болуы керек. Оларды ыстық

сумен, кір сабынмен жуып, қайнаған сумен шайыңыз.

Аурудың алғашқы белгілері пайда болғанда міндетті түрде тез арада медициналық көмекке жүгініңіз, себебі ем неғұрлым ерте басталса, нәтижесі де қолайлы болады.

Есте сақтаңыз: сібір жарасы аса қауіпті жұқпалы аурулар қатарына жатады.

А.Н.Фохрисламов
Нұра аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

Газет аптасына 1 рет шығады Индекс 65421 Тиражи 390 Тапсырыс 41	Меншік иесі: «Нұра» аудандық газетінің редакциясы ЖШС Қазақстан Республикасы Ақпараттық және Қоғамдық даму министрлігінен Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 03 ақпанында қайта есепке қойылып № KZ65VPY00064140 куәлігі берілген	Бас редактор: Тазағұл ПШЕНБАЕВА Индекс: 100900 Мекенжайымыз: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Нұра кенті, Талжанов көшесі, 8а үй. Электронды адрес: nuratany@mail.ru Телефондары: Бас редактор: 8 777 88 99 945 Тілшілер: 21-9-53	Газет ЖШС «Типография Арко» баспаханасында басылған. Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15 Телефондары: 41-17-83, 41-17-80 Офсеттік басылым, көлемі 2,0 баспа табак, Газет аптасына 1 рет шығады	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді
--	--	--	---	---